

**Жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен тарифтер бойынша Республика мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметкерлері ақылы қызмет көрсету үшін алатын ақшалай қаражаттарды бөлу тәртібі туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1995 жылғы 25 желтоқсан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қыркүйек N 204 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 1997 жылғы 13 мамырдағы N 260/39 бұйрығымен. ~V970320

### Е Р Е Ж Е

Осы ереже ақылы құқықтық және техникалық қызметтер көрсетуде жұмыс тиімділігі мен сапасын, қызмет көрсету мәдениетін көтеру, Республика мемлекеттік нотариалдық кеңселері қызметкерлерінің қызметін материалдық ынталандыру негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру мақсатында дайындалды және ақылы қызмет көрсету үшін алынатын ақшалай қаражатты құру мен бөлуді белгілейтін негізгі құжат болып табылады.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтық сипаттағы ақылы қызметтер көрсету нәтижесінде алынған қаражаттар:

- құқықтық мәселелер жөнінде кеңес беру;
- шарттардың техникалық жобаларын құру, құжаттардың көшірмелерін және олардан алынған жазбаларды жасау;
- құқықтық және техникалық сипаттағы басқа қызметтер көрсету есебінен құрылады.

Аталған бюджеттен тыс қаражаттар Ұлттық банк мекемелерінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашылатын әділет-басқармаларының есеп айырысу есепшоттарына белгіленген тәртіпте түседі.

Көрсетілген қызметтер үшін ақы алу қолма-қол есеп айырысумен де, аудару арқылы есеп айырысумен де жасалады. Азаматтардан қолма-қол ақша қабылдау белгіленген үлгідегі төлем-түп бойынша, ақылы қызмет көрсету кезінде тікелей жасалады.

Мемлекеттік нотариалдық кеңселер қызметкерлерінің көрсетілгені үшін мемлекеттік баж төлету белгіленбеген қызметтері үшін төленетін ақылар

анықтамалығын Әділет министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді.

Ақылы қызметтерді жүзеге асырудан алынған қаражаттар төмендегі қорларға бөлінеді:

- нотариустардың, нотариалдық кеңселердің басқа қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қорына - 25 % ;
- нотариат органдарын өндірістік дамыту қорына - 45 % ;
- Әділет басқармасының орталықтандырылған қорына - 30 % ;

1. Еңбекке ақы төлеу қоры мыналарға жұмсалады:

- нотариустардың, кеңесшілердің және нотариалдық кеңселердің басқа қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстеме ақы белгілеуге;
- нотариалдық кеңсенің орнында уақытша жоқ қызметкерінің міндеттерін өз жұмысымен қатар 3 күннен артық орындағаны үшін нотариустарға үстеме ақы белгілеуге;
- жарты жыл және бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша (нотариалдық кеңселердің қызметкерлеріне) сыйақы төлеуге, бірақ дербес үстеме ақыларды қосқанда бір жылдық бір лауазымдық жалақыдан артық емес.

Аталған үстеме ақылар мен қосымша ақыларды төлеу мына міндетті шарттар қадағаланып жасалады:

- азаматтарға қызмет көрсету мәдениетіне нотариалдық әрекеттер жасаудан негізсіз бас тартуға жүйелі түрдегі негізді шағымдардың жоқтығы;
- нотариалдық Кеңселер жұмыс режимінің сақталуы;
- нотариалдық әрекеттердің сапалы орындалуы (бұларға кезекті тексерулер немесе нотариалдық практиканы қорытындылау өткізу кезінде әділет басқармасы б а ғ а б е р е д і ) ;
- жоспарлы шаралардың өз уақытында орындалуы;
- атқару тәртібінің қадағалануы;
- құқықтық насихатқа қатысу;
- тиісті нотариалдық Кеңседе ақылы қызмет көрсетуден түсетін кірістердің болуы еңбекке ақы төлеу қорынан төленетін үстеме ақылар мен қосымша ақылар мөлшерін барынша дифференцияланған түрде белгілеу мақсатында әрбір нотариустың ортақ қорды құрудағы еңбектік қатысу коэффициенті белгіленсін, ол төмендегі үлгі бойынша есептеледі;

- айлық немесе тоқсандық қор жұмыс істейтін нотариустардың жалпы санына бөлінеді және орташа коэффициент шығарылады.

Орташа коэффициенттен асқан жағдайда немесе оған тең болған жағдайда және жоғарыда белгіленген шарттар қадағаланғанда, нотариус ең жоғары үстеме ақыға құқылы. Бұдан төмен көрсеткіш болған жағдайда коэффициент қандайда бір мөлшердегі қосымша ақылар белгілеу үшін шешуші фактор болып табылмайды, ол жиынтық түрінде жоғарыдағы барлық көрсеткіштермен бағаланады.

Нотариалдық кеңсені басқаруды жүзеге асыратын аға нотариус жұмысы бағаланған кезде:

- нотариалдық кеңсе жұмысын жалпы ұйымдастыру;
- жасалған нотариалдық әрекеттердің саны мен сапасы;
- азаматтарға қызмет көрсету мәдениеті;
- жас нотариустарды оқыту және стажировкаға жіберуді өткізу;
- өткізілген нотариалдық практиканы қорытындылаулардың сапасы;
- әділет басқармасы өткізетін тексерулерге және құқықтық насихат жөніндегі жұмысқа қатысу;
- нотариалдық Кеңселер қызметіне қатысы бар басқа мекемелермен және ұйымдармен өзара қатынас есепке алынады:

Шағымдардың, нотариалдық әрекеттер жасау кезіндегі бұзушылықтар мен кателіктердің саны мен сипатына қарай Әділет басқармасымен біріге отырып Нотариустар Кеңесі, әрбір нақты жағдайда олардың мөлшерін белгілеп, үстеме ақылар мен қосымша ақылардың бір бөлігін төлеу туралы шешім қабылдайды, не нақты қызметкерді қосымша ақылар мен сыйақылардан айыру туралы шешім қабылдай алады.

Үстеме ақылар мен қосымша ақылардан толық немесе олардың бір бөлігімен айыру тиісті кезеңде нотариустар жұмысындағы кемшіліктер табылған соң және бағаланған соң жасалады.

Есеп берушіліктің бұрмалануына және қаржылық тәртіптің бұзылуына әдейі немесе немқұрайдылықпен жол берген нотариустар үш ай ішінде барлық түрдегі үстеме ақылар мен қосымша ақылардан айырылады және осы әрекеттер үшін заң белгілеген тәртіпте жауап береді.

Сыйақыларды төлеу жарты жыл және бір жыл нәтижелері бойынша дәл осы шарттарда жасалады.

Үстеме ақыларды, қосымша ақыларды, сыйақыларды бөлуді, олардың мөлшерін белгілеуді, олардан толық немесе олардың бір бөлігінен айыруды, қаржылық есеп берулер мен құжаттар белгіленген тәртіпте тапсырылған және өңделген соң, Нотариустардың жалпы жиналысында сайланған Нотариустар

Кеңесі жасайды, бірақ келесі айдың 15 күнінен кешіктірмей.

2. Өндірістік дамыту қорының қаражаттары:

- жаңа тұрақ-жайларды салу жөніндегі шығындарды қаржыландыруға, тұрақ жайларды кеңейтуге және қайта жабдықтауға, нотариалдық кеңселерді кезектегі және күрделі жөндеуге;
- нотариалдық кеңселердің жұмыс жасауын қамтамасыз ететін құрал-жабдықтарды, ұйымдастыру-техникалық құралдарды және басқа материалдық құндылықтарды сатып алуға;
- құқықтық қызмет көрсетудің және заңды көмектің жаңа түрлерін енгізу жөніндегі шығындарға, кадрлар дайындауға;
- басқа өндірістік қажеттіліктерді қаржыландыруға бағытталады.

3. Әділет басқармасының Орталықтандырылған қоры:

- Әділет басқармаларының материалдық базасын нығайтуға бағытталады.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.